

**"Қазақстан Республикасындағы акционерлік қоғамдардың акцияларын Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне тіркеудің және оларға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 08 қазандағы N 159 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 2001 жылғы 11 қаңтардағы N 97 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1393. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 382 (V032574) қаулысымен.

Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін бірегейлендіру мақсатында " Бағалы қағаздар рыногы туралы " Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңы 17-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 29) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі " Ұлттық комиссия" деп аталады) ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 13 ақпанда 460 нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасындағы акционерлік қоғамдардың акцияларын, Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне тіркеудің және оларға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 08 қазандағы N 159 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы акционерлік қоғамдардың акцияларын Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне тіркеудің және оларға ұлттық бірдейлендіру нөмірлерін берудің тәртібі туралы ережеде (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілердің жинағы, II том, 1998 ж., 66-703-беттер):

1) 3.1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.1. Акцияларға ҰБН беру тәртібі БҚҰК Директоратының бекітуіне жататын жеке нұсқаулықпен белгіленеді. Басқа мемлекеттің заңдарына сәйкес тіркелген акциялар эмиссиясы Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберілген жағдайда осы акцияларға ҰБН берілмейді; оларда осы акциялар

эмиссиясын тіркеу кезінде берілген біріздендіру нөмірі (біріздендіру нөмірлері) сақталады.";

2) 3.2 және 3.3 тармақтары алып тасталсын;

3) 4 және 5 тараулар алып тасталсын.

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Осы Қаулының орындалысына бақылау жасау Ұлттық комиссия орталық аппаратының Корпоративтік қаржылар басқармасына жүктелсін.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Ұлттық комиссияның мүшелері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК